




**«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі**



# Тарих тұнған Торғай

Торғай селосының құрылғанына 180 жыл

библиографиялық жаднама



Арқалық қаласы, 2025 жыл



*«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

## Тарих тұнған Торғай

Торғай селосының құрылғанына 180 жыл

**библиографиялық жаднама**

ӘОЖ 94(574.4)  
ҚБЖ 63.3 5(Қаз)  
Т 21

**Құрастырушы:** Ж.К.Туякбаева  
**Шығарылымға жауапты:** Ж.К.Абжанова  
**Мұқабаны безендірген:** Ж.К.Туякбаева  
**Редактор:** С.А.Алматова

«Тарих тұнған Торғай» [Мәтін] : [Торғай селосының құрылғанына 180 жыл толуына орай арналған] библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ; [құраст.; Ж.К.Туякбаева ; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 20 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі кітапханашыларға және жас оқырмандарға арнап, библиографиялық жаднама дайындап шығарды. «Тарих тұнған Торғай» тақырыбында дайындалған библиографиялық жаднама көпшілік қауымға арналған пайдалы құрал. Библиографиялық жаднамада Торғай селосының құрылуы мен даму болашағы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 94(574.4)  
ҚБЖ 63.3 5(Қаз)  
Т 21  
© Ж.К.Туякбаева

### **Құрастырушыдан**

Торғай селосының құрылғанына 180 жыл толуына орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Тарих тұнған Торғай » атты Торғай өңірінің тарихы, осы топырақтан шыққан көрнекті тұлғалар, ел есінде қалған оқиғалар жайлы мағлұмат беретін библиографиялық жаднаманы қалың оқырман назарына ұсынып отыр.

Аталған библиографиялық жаднамаға кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

## Тарихы терең Торғай

### «Бабадан қалған аманатты – Балаға жеткізер жол – тарих.»



**Торғай** – кент, Жангелдин ауданының, Торғай ауылдық округінің, Торғай ауданы әкімшілігінің орталығы. 1845 ж 22 шілдеде іргесі қаланған. 1845 ж 31 мамырда орынбордың әскери губернаторы Обручевтің 462-жарлығымен Торғай өз-нің оң қапталындағы Жарықкүздың қарсы бетіне орналасқан Бесқопа төңірегінде бекініс салынатын жер белгіленген. Көп ұзамай, 25 қыркүйекте әскери казарма бой көтере бастаған. Деректемелерде бұл орынның Ташкент-Жаманқала-Тройцк керуен жолының бойында жатқаны айтылады. Бекініс алғашында «Орынборлық» деп аталған. Мұнда екі рота солдат және жүзге тарта қазақ отбасы қоныстандырылған. 1868 ж бекініс ресми түрде қала атанды. Тарихи құжаттарда 1876 ж қала тұрғындарының саны 570, ғасыр соңында -999, 1902 ж – 1180, 1916 жылғы төңкеріс алдында 1240 адамға жеткені туралы деректер бар. Мұнда губернатордың жарлығы бойынша Денисов, Токарев, Шишков, Сарыщев, Коряков сияқты әскери қызметтен босатылған адамдардың отбасылары көшіп келген. Татар көпестерінің арасынан Назмуздинов, Яушев, Ғалиолла, Хакімжан, Жәлали қажылардың, Әлфат, Файзрахман, т.б. саудагерлердің отбасылары қоныстанған. Т. қ-сының құрылысына қазақ байлары да айтарлықтай ат салысқан. Шеген би ұрпақтарының бір-бір үйі болған. қазақтың алғашқы оқыған азаматтарының бірі Б.Қаралдин үйі белгілі дәрежеде қала тұрғындарының мәдени ошағына айналған. Ал Торғай өз-дегі бұл өңірде бұрын болмаған бірегей көпірді халық шебері Қоңырша салған. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің тікелей бастауымен 1861 ж алғашқы мектеп құрылысы қолға алынып, 1864 ж 8 қаңтарда шәкірттерге есігін ашты. 1883 ж интернаты бар кәсіптік уч-ще жұмыс істей бастады. 1868 жылдан қазан төңкерісіне дейін Ресей мемлекетінің құрамындағы Торғай оязының орт. болды. Өлкеде кеңес өкіметі орнаған соң 1928 жылдан аудан орт-на айналды. Біраз уақыт Ақтөбеге қарап, 1936 жылдан бастап, бүкіл аудан аумағымен бірге Қостанай обл-ның құрамына қосылды. 1970-76, 1990-97 ж Торғай обл-ның құрамында болды. Кент қазіргі уақытта ауданның әкімшілік, мәдени-әлеуметтік орт. болып табылады.

Тұрғын халқының саны 5,6 мыңға жетті (2009). Телекоммуникациялық және байланыс орт-тары, көліктік, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар, бірнеше орта, музыка мектептері, орт.аурухана, емхана, дәріхана, монша, кітапхана, клуб жұмыс істейді. Жангелдин ауд. тарихи өлкетану музейі, Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың, Н.Ахметбековтың мұражайлары орналасқан, бірнеше тарихи орындар мен сәулет өнерінің ескерткіштері бар.

**Торғай ауылдық округі** – Жангелдин аудына аумағындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Торғай кенті кіреді. Тұрғын халқы 5,6 мың адам. Орталығы – Торғай кенті. Округ аумағында 1916 жылғы Торғай көтерілісі сарбаздарының патша үкіметінің жазалаушылар отрядына қарсы қимылдары өткен орындар, әскери комиссариат үйі, партизан сайы, Ы.Алтынсарин мектебі, Торғай көпірі сияқты тарихи және архитектуралық ескерткіштер орналасқан.

**Торғай қақпасы** –Торғай үстірті мен Сарыарқа, Торғай қолаты және Обаған, Құсмұрын, Торғай-Сарықопа аралығындағы табиғи өткел. Қостанай обл. Сарыкөл ауд-ның аумағында орналасқан. Ені 15-20 км. Бірқатар ғалымдар Т.қ. Торғай, Обаған өз. бастауларының бір-бірімен Сарыөзен арқылы жалғасуына байланысты қалыптасқан деген пікір айтады.

**Торғай облысы (1)** – Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында құрылған әкімшілік аймақ. Ресей үкіметінің 1868 ж жүргізген әкімшілік-аумақтық реформасына сәйкес ұйымдастырылған. Солт-нде Орынбор губерниясымен, бат-нда орал обл-мен, оңт-нде Сырдария, шығ-нда Ақмола обл-тарымен шектесті. Т.о. 4 оязға (Торғай, Ырғыз, Елек, Николаевск) бөлінді. Облыстық басқармасы Орынбор қ-нда орналасты. Торғай оязының орт.–Торғайда, Ырғыз оязының орт.– Ырғызда, Елек оязының орт – Елек қамалында, николаевск оязының орт. – Троицкде орналасты. Жер көлемі Електе – 50790 км<sup>2</sup>, Николаевскіде – 73760 км<sup>2</sup>, Торғайда –148340 км<sup>2</sup>, Ырғызда – 117646 км<sup>2</sup> болды. 1879 жылғы санақ бойынша облыста 63559 түтін, 317795 адам тұрған. 1878 ж облыс бойынша 790 мың жылқы, 335 мың сиыр, 2146 мың қой, 91 мың түйе болған. осыған қарағанда аймақ тұрғындары, әсіресе, оның оңт. Аудандары қойды көбірек өсірген. Торғай мен Ырғыз ояздарының аумағы түйе өсіруге өте қолайлы болған. 1879 жылғы жұт облыстың көшпелі тұрғындарын қатты күйзеліске ұшыратты. Мал негізінен тебіндеп жайылды. 1878 ж үш оязда не бәрі 1145 мың пұт шөп дайындалды, соның кесірінен мал басын сақтай алмады. Егіншілік те нашар өркендеді. Егін ш. едеәуір дамыған Елек оязының өзінде жан басына шаққанда жылына 2 пұттан ғана астық келді. Облыс Ресейдің еуропалық бөлігін Түркістан өлкесімен, Хиуа, Бұхара, т.б. Орта Азия аймақтарымен жалғастыратын керуен жолында болғандықтан жергілікті тұрғындар тұзбен, басқа да заттармен сауда-саттық жасады. 1871 ж облыста Ырғыз, Ақтөбе жәрменкесі ашылды, бірақ Ырғыз жәрменкесі шалғайда орналасқандықтан сауда мардымды жүрмеді. 1878 ж облыста 3 мектеп (Торғайда, Ырғызда, Троицкеде) жұмыс істеді, мұнда небәрі 96 бала оқыды. 1879 ж Ырғыз қ-нда екі кластық халық уч-щесі ашылды. Столыпиннің агр. Реформасы жылдарында Т. о-нан 15,8 млн. десятина жер қоныс аударушыларға кесіп беріліп, қазақтар шұрайлы жерлерінен ығыстырыла бастады. Бұл қысым жер-жерде үкіметтің жосықсыз саясатына қарсы наразалықтарын туғызды. Патша үкіметінің 1916 жылғы Маусым жарлығы ашынған халықтың қолдарына қару алып, ашық күреске шығуларына түрткі болды. 1917 ж Торғай облыстық қазақ сыязы өтті.

**Торғай оязы** – Ресей мемлекетінің әкімшілік-аумақтық бөлігі. 1868-1917 ж Торғай облысының құрамына кірген. Орт-Торғай қаласы болды. 13 болыс пен 65 ауылды қамтыды. Ояз облыстың оңт-нде орналасып, батысында

қазіргі Ақтөбе обл-ның Ырғыз, Қарабұтақ аудандарымен, оңт-нде қарағанды обл-ның Ұлытау ауд- мен, шығысында Ақмола обл-ның Атбасар, Жақсы,Есіл ауд-мен, Солтүстігінде осы облыстың Жарқайың ауд-мен, Қостанай обл-ның Әуликөл, Жетіғара ауд-ның жерлерімен шектесті. 1897 жылғы адам санағы бойынша оязды 87039 адам мекендеген. Тұрғындары негізінен мал ш-мен айналысты. Торғай, Қабырға өз. бойында атақты диқан Қыпшақ Сейітқұл жер жыртып, егін екті. 19 ғ-дың соңы, 20 ғ-дың басында ояз тұрғындарының патша үкіметінің қоныс аудару саясатына қарсы қозғалысы өріс алды. Қазақтың ұлы ұстазы Ы.Алтынсарин жергілікті халықтың жастары үшін алғашқы оқу орындарны ашты. 1916 жылғы Ресей патшасының майданның қара жұмыстарына адам алу туралы Маусым жарлығына наразы ояз өз тұрғындары ғана емес, көптеген көршілес аймақтар көтерілісшілерінің бас қосқан, отаршылдық зорлық-зомбылыққа қарсы бүкілхалықтық күрестің табанды орт-на айналды.

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары

1. Абдуллин, Әмірхан. Торғай менен Қостанай келе жатыр бірге өсіп [Мәтін] : [Қостанай – Торғай тағдыры ортақ ,тарихы бір, табиғи бай өлке туралы] / Ә. Абдуллин // Қостанай таңы. – 2006. – 21 шілде. – Б. 2.
2. Абдуллин, Әмірхан. Торғайды түлеткен тұлға [Мәтін] : [қоғам қайраткері Жақан Қосабаев туралы ] / Ә. Абдуллин // Қостанай таңы.– 2011. – 18 қаңтар. – Б. 8.
3. Абдуллин, Әмірхан. Торғайдың тарихи орындары [Мәтін] : [аудан орталығындағы тарихи орындары туралы : суреті бар] / Ә. Абдуллин // Біздің Торғай. – 2012. – 17 сәуір. – Б. 2.
4. Аймағамбетұлы, Р. Кеңес дәуірі тұсындағы Торғай өңірінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы (жергілікті баспасөз материалдары бойынша) [Мәтін] : оқу құралы / Р. Аймағамбетұлы, Д. Сейдалықызы. – Арқалық: АрқМПИ, 2015. –100 б.; 20 см
5. Айтмағамбетұлы, Роман. Торғай мұражайлары сыр шертеді [Мәтін] / Р. Айтмағамбетұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 8 қараша. – Б. 6 ; 15 қараша. – Б. 6.
6. Айтмағанбетов, Абай. Торғайдағы азаттық көтерілісімен байланысты жер-су атаулары [Мәтін] : [Торғай жерінің жер-су атаулары туралы] / А. Айтмағанбетов // География және табиғат. – 2014.– №3. – Б. 33,34..
7. Алда атқарар істердің ауқымы мол [Мәтін] : [Торғай селосының әкімі С. Шәйменнің 2011 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі] // Біздің Торғай. – 2012. – 14 ақпан. – Б. 2.
8. Алмат, О. Торғайдың көзі тірі шежіресі [Мәтін] : [журналист Жәлел Қарабалаұлы туралы] / О. Алмат // Біздің Торғай. – 2011. – 5 шілде. – 4 б..
9. Алмат, Орекен. Торғайда туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [қазақ зиялары] / О. Алмат // Қостанай таңы. – 2019. – 2 сәуір. – Б. 5.
10. Алмат, Орекен.Торғайда Табай бидей шешен өткен... [Мәтін] : [торының төрт тіреуінің бірі Табай би туралы] / О. Алмат // Қостанай таңы. – 2007. – 6 сәуір. – Б. 7.
11. Анасова, А.Торғай облысындағы патша өкіметінің қоныстандыру саясаты [Мәтін] : [XIX ғ.соңы - XX ғ.басы] / А. Анасова ; Айнаш Анасова // Ақиқат. – 2007. – №11. – Б. 89–90.
12. Әбдіғалиұлы, Берік. "Торғай елі" энциклопедиясы жарық көрді? [Мәтін] : [суреттер бар] / Б. Әбдіғалиұлы // Ана тілі. – 2014. – 30 қаңтар –5 ақпан. – Б. 6.
13. Әбілхасенұлы, Сағи. Торғайым – құтты мекенім [Мәтін] : [өлең] / С. Әбілхасенұлы // Біздің Торғай. – 2018. – 7–14 тамыз. – Б. 3.
14. Әбішев, Талап. Торғай осылай жаңғырған [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Оразалы Қозыбаев туралы] / Т. Әбішев // Торғай таңы. – 1987. – 19,22 ақпан. – Б. 4.

15. Әбішев, Тәліп. Торғай төсін түлеткен өрісті бастамаға – 50 жыл [Мәтін] : [торғай тыңының игерілгені 50 жыл толуына орай] / Т. Әбішев ; суретте: автор // Қостанай таңы. – 2010. – 25 мамыр. – Б. 5.
16. Әмірхамзин, Амандық. Торғай өңірінің келешегі зор [Мәтін] : Ахмет Байтұрсынұлы және Ақкөл ауылдарының туристік әлеуеті туралы : [Жангелдин ауданы] / А. Әмірхамзин // Біздің Торғай. – 2023. – 7 қараша. – Б. 3.
17. Әмірхамзин, Амандық. Торғай елінің тілегі [Мәтін] : Киелі мекеннің әлеуметтік-экономикасы Орталық – Батыс жолына байланысты / А. Әмірхамзин // Біздің Торғай. – 2022. – 8 ақпан. – Б. 1.
18. Байділдин, Шөптібай. Торғай аймағының жер-су атауларының шығу тегі [Мәтін] : [жер-су атаулары туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2015. – 13 ақпан. – Б. 4 ; 20 ақпан. – Б. 4,7.
19. Байназарұлы, Ғалым. Торғай аймағы: Кеше. Бүгін. Ертең [Мәтін] : [Торғай өңірінің өткені мен бүгінгісі туралы сыр] / Ғ. Байназарұлы // Жаңа өмір. – 2025. – 25 ақпан. – Б. 2.
20. Бейсенғалиев, Берік. Торғай өңірінің дамуына тың серпін береді [Мәтін] : [Ұлттық құрылтай отырысы аясында] / Б. Бейсенғалиев // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2025. – 19 наурыз. – Б. 4. – ISSN ISSN 1999-9720.
21. Бектемісов, Назарбек. Торғай толқындары [Мәтін] : өлеңдер / Н. Бектемісов. - Алматы: Жалын, 1981. – 40 б. 10 т., 5000 дана.
22. Бодаубаев, Болат. Торғай топалаңы [Мәтін] : повесть / Б. Бодаубаев // Торғай таңы. –1991. – 15, 16, 19, 20, 22 наурыз. – Б. 3,4.
23. Достанбаева, Айғаным. Торғай өңіріне - ерекше назар [Мәтін] : облыс әкімі Нұралы Садуақасовтың оңтүстік аудандарында болуы / А. Достанбаева // Қостанай таңы. – 2012. – 2 наурыз. – Б. 1.
24. Дүйсенбаев, Жеңіснұр. Торғай даласы – ұлт-азаттық қозғалыстардың күретаымы [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтеріліс туралы] / Ж. Дүйсенбаев // Торғай. – 2003. – 27 маусым. – Б. 3.
25. Жақып, Ә. Торғай тарландары [Мәтін] : өмірбаяндық энциклопедия. 1-том / Ә. Жақып ; ред.: Б. Ахмет. – Астана: Парыз, 2009. – 176 б.: фотосурет.; 29 см 978–601–7132–02–6: 500 т., 500 дана.
26. Жапарұлы, Молдатай. Торғайым – алтын бесік [Мәтін] / М. Жапарұлы ; алғы сөзін жазғ.: А. Мәлжанбай, Ш. Байдилдин. - [Арқалық], 2019. – 152 бет.: фотосурет.; 21 см 100 тг.
27. Қалиев, Дастан. Торғай өлкесіне саяхат [Мәтін] : [экскурсиялық саяхат] / Д. Қалиев // Арқалық хабары. – 2017. – 7 сәуір. – Б. 3.
28. Қалижан, Уәлихан. Торғай облысы не үшін таратылды? [Мәтін] : [торғай облысының жабылуы туралы ой] / У. Қалижан // Егемен Қазақстан. – 1997. – 24 сәуір. – Б. 3.
29. Қосабаев, Ж. Атамекен ақиқаты: Торғай туралы толғау [Мәтін] / Ж. Қосабаев. –Алматы: Айқап, 1995. – 196 б.: фотосуретті.; 20 см. Сыртқы беті: Торғай-дуан 5-7667-3248-1: 50 т., 10 000 дана.
30. Оспанов, Серікбай. Торғай, сені келеді гүлге орағым [Мәтін] : [өлең] / С. Оспанов // Торғай таңы. – 1985. – 2 ақпан. – Б. 4.

31. Оспанов, Шота. Торғай – киелі жер, текті мекен! [Мәтін] : [Жангелдин ауданына-90 жыл] / Ш. Оспанов // Біздің Торғай. – 2018. – 25 қыркүйек. – Б. 1.
32. Оспанова, Қарлығаш. Торғай аймағы түлеп келеді [Мәтін] : [облыс әкімі С.В. Куллагиннің Арқалық аймағында болуы] / Қ. Оспанова // Қостанай таңы. – 2006. – 16 мамыр. – Б. 1.
33. Самрат, Жақсыбай. Торғайлықтарды толғандырған мәселе [Мәтін] : [зымыран қалдықтарын тастауға Жангелді ауданында 76 мың гектар жер бөлінді] / Ж. Самрат // Егемен Қазақстан. – 2018. – 5 ақпан. - Б. 6. - ISSN 1999-9720.
34. Сәтбай, Айзат. Туған жер ойға шабыт келтіресің... [Мәтін] : [өлең] / А. Сәтбай // Торғай. – 2016. – 9 желтоқсан. – Б. 5.
35. Сәуекенов, Б. Тасыды Торғай [Мәтін] : [ән] / Б. Сәуекенов // Торғай. – 1991. – 24 желтоқсан. – Б. 4.
36. Сәулебектегі, Айтбай. Торғай қақпасы [Мәтін] : [Торғай өңірі – қазаққа тағылымды өнеге көрсетіп келе жатқан киелі өлке] / А. Сәулебектегі // Дала мен қала. – 2010. – 26 сәуір. – Б. 7.
37. Сейдімбеков, Ақселеу. Торғай бойы тұнған шежіре [Мәтін] : [Торғай аймағындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау туралы] / А. Сейдімбеков // Білім және еңбек. – 1982. – № 1. – 26 б.
38. Сейтхазин, Саттар. Торғай толғауы [Мәтін] : [өлең] / С. Сейтхазин // Торғай таңы. – 1979. – 23 маусым. – Б. 9.
39. Ситников, Л. А. Торғай алыбының тынысы [Мәтін] / Л.А. Ситников. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 99 б.; 20 см
40. Сомжүрек, Жұма- Назар. Торғайым, туған өзен, өлкем менің! [Мәтін] : [өлеңдер топтамасы] / Ж.Н. Сомжүрек // Аманкелді арайы. – 2013. – 30 тамыз. – Б. 3.
41. Сүндетбаев, Ғабит. Қазақстан әлемдік деңгейге көтерілуде [Мәтін] : [Торғай селосының әкімдігіне үміткердің сөзі: суреті бар] / Ғ. Сүндетбаев // Біздің Торғай. – 2013. – 30 шілде. – Б. 6.
42. Тәрбие орталығы [Мәтін] : [Торғай селосындағы Ә. Жангелдин ескерткіші туралы] // Жаңа өмір. – 1986. – 6 қазан..
43. Торғай өңірі түлейді [Мәтін] : [инвестициялық форум өтті] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2022. – 30 қыркүйек. – Б. 4.
44. Торғай тарихының тағылымы [Мәтін] : [Торғайда бес мұражай бар. Осылардың төртеуі «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» мемлекеттік мекемесіне қарайды] / Қ. Әлім // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 26 қараша. – Б. 12. – ISSN 1999–9720.

## Торғай селосында орналасқан ғимараттар



Алыптар алаңы




А. Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы ескерткіштері



Бұрынғы Мемлекеттік Банкі



Торғай көпірі



Торғайда Ы.Алтынсарин салдырған алғашқы мектеп



А.Имановтың штабы




Шақшақ Жәнібек мазары.



Торғайдағы жаңадан салынған  
мұражайлар



Әліби Жангелдин ескерткіші.




Ұлы Отан соғысында қаза тапқан сарбаздар  
Даңқ тақтасы



Шақшақ Жәнібек мұражайы



А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының әдеби мұражайы





## Торғай даласы туралы өлендер

### ТОРҒАЙ

Тасыды Торғай, тасыды көңіл  
Келемін саған мен ұшып,  
Өзіңде өтті балалық өмір,  
Келемін сені көңілмен күшып.

Толкыдым бүгін, тебірендім, Торғай,  
Тебірендім сені сағына,  
Таңдағы талда тербелген торғай  
Іздеді ме екен тағы да.

Ардағым Торғай, асылым, Торғай,  
Ағыныңмен бірге ақтым,  
Егер сен тасқын өлең-жыр болсаң,  
Мен сенен туған ырғақпын!

- Ш.Мұхамеджанов -

### Торғай

Тау да жоқ тұнатуғын гүлге етегі,  
Бау да жоқ, байырғы елдің бір мекені.  
Дария- даласында дархан пейіл,  
Дүниеде айтыңдаршы не жетеді?!

Орман жоқ кереметтей көрінетін,  
Жеміс жоқ ағыл-тегіл төгілетін.  
Бұлақ бар Қызбелімде қыз қылықты,  
Төсінде туған жердің өрілетін.

Мұхит жоқ, мұңаймаймын әлі де мен,  
Теңіз жоқ әлдилейтін әніменен.  
Өзен бар өзіме ұқсас өр мінезді,  
Толқиды торғайлықтың жаныменен.

Жұпарын бұрқыратып жатты далам,  
Дабылын дәуірімнің қақты қалам.  
Фонтан жоқ көтерілген көкке шапшып,  
Фонтанша Нұрхан жыры атқылаған.

Жас ұрпақ жасыл желек бұтағындай,  
Аспаны шайдай ашықжұрт арындай.  
Ежелгі ел шертеді көп шежірені,  
Ерліктің ескірмеген кітабындай.

Нағашыбай Мұқатов

### АСЫЛ - АНА ТОРҒАЙЫМ

Торғайым, туған өзенім,  
Қасиетінді ыстық сеземін.  
Жағанда қалған жәудіреп,  
Бал дәурен-балғын кезеңім.

Ақ балық ойнап жалтылдап,  
Балалар мәз боп жарқылдап,  
Құмыңнан қайтам қуат ап,  
Суыңа түсіп салқындап.

Ұрпаққа атың ұрандай,  
Жүреміз ойдан шығармай.  
Балағын түрген балалық  
Алдымнан ойнап шығардай.

Телінген сендей асылға,  
Егіздей едім жасымда.  
Қойшың боп мейлі жүрсем де,  
Қалмадым неге қасыңда.

Сан сынап бақыт-бағымда,  
Қуғанмын қиял-сағымды.  
Сағынсам саған келемін,  
Сағымды қуған шағымды.

Өмірдің мөлдір көзісің,  
Әкемнің дана сөзісің.  
Көтерер еркелігімді,  
Анамның нағыз өзісің.

Тас жарған сенде талабым,  
Сырлассам сырға қанамын.  
Аталық жасқа жетсем де,  
Мен саған әлі баламын.

Ғажап жоқ дала таңындай,  
Баулыдың балапанындай.  
Ыстықсың асыл анамның,  
Аялы алақанындай!

Әке мен бердік шешені,  
Ұзады күндер кешегі.  
Сағынып аңсап келгенде,  
Суыңнан самал еседі.

Жұмаш Сомжүрек

### Ұлы Торғай

Шапқанмен тең көңілдің шоқырағы, Ғасырға тең бір күнім өзіңде өткен,  
Мақпалмен тең жеріңнің топырағы. Жасыңға тең жанарлар... Терің көктем  
Қара жолдар- тарих, Қара жондар, Төгілмеп пе ең қағазға өлең болып,  
Сай салалар кітаптай оқылады. Өзен болып- Өмір боп өрілмеп пе ең?!  
Таң да жарық, өзіңде жан да жарық, Ер балаға ертеде серік болған,  
Маздап жанып келеді отың әлі! Кең далаңа қараймын көңіл деп мен!

Обаларың таумен тең өңірдегі, Орманға тең бұтаң да сенің, Торғай,  
Қоғаларың талмен тең көліңдегі. Қорғанға тең бұйратың, елім Торғай!  
Төгілгені- мөп-мөлдір таңғы шықтың- Далаңда сан данышпан дамыл алған,  
Пейіліңнің ақ адал көрінгені! Саған қашан қалып еді көңіл толмай?!  
Мейіріміңнің шуағы мерейлі етіп, Армысың аруақты ата-баба,  
Сенде ғана сүйеді Өмір мені! Ар-намысым өзіңсің менің, Торғай!

С. Оспанов



Қостанай таңы. 10 сәуір. 2005 жыл.



Арқалық хабары. 2006 жыл



Қостанай таңы. 12 сәуір. 2005 жыл.




Қостанай таңы. 5 тамыз. 2005 жыл.





*Ақпараттық-библиографиялық  
қамтамасыз ету бөліміндегі  
Торғай селосы туралы жинақ  
папка.*



*Жақып, Әділбек. Торғай  
тарландары [Мәтін] :  
өмірбаяндық энциклопедия /  
Жақып Ә. – Астана : Парыз,  
2009. 1 – том – 176 б.*

## Мазмұны

|                                                 |       |
|-------------------------------------------------|-------|
| 1. Құрастырушыдан .....                         | 3     |
| 2. Тарихы терең Торғай .....                    | 4-6   |
| 3. Мерзімді басылымдарда .....                  | 7-9   |
| 4. Торғай селосында орналасқан ғимараттар ..... | 10-15 |
| 5. Торғай даласы туралы өлеңдер .....           | 16    |
| 6. Баспасөз беттерінде.....                     | 17-19 |
| 7. Мазмұны.....                                 | 20    |

**Құрастырушы: Ж.К.Туякбаева**  
**Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова**  
**Мұқабаны безендірген: Ж. К. Туякбаева**  
**Редакторы: С.А. Алматова**

**Басуға 21.07.2025 ж. қол қойылды**  
**Қаріп түрі: Times New Roman.**  
**Басылымның көлемі: 4**  
**Таралымы: 3 дана**

«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
Е – mail:arkounb@mail.ru